

**Қостанай облысы Денисов ауданы әкімінің 2024 жылғы 2 шілдедегі № 4 "Жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдай жариялау туралы" шешімінің күшін жою туралы**

Қостанай облысы Денисов ауданы әкімінің 2026 жылғы 28 сәуірдегі № 4 шешімі

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 33-бабының 2-тармағына, 37-бабының 8-тармағына сәйкес және санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды негізінде "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті Қостанай облысы санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің Денисов аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесі 2026 жылғы 24 ақпандағы № KZ00VWF00517847, Денисов ауданының әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Денисов ауданы әкімінің 2024 жылғы 2 шілдедегі № 4 "Жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдай жариялау туралы" шешімінің күші жойылсын.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Әкім*

*Р. Қатпаев*